

Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цзэминнің Қазақстан Республикасына 1998 жылғы шілдедегі жұмыс бабындағы сапарының барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 30 қараша N 1204

Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цзэминнің Қазақстан Республикасына жұмыс бабындағы сапарының барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру, өзара тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз ету, екіжақты қарым-қатынастарды одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цзэминнің Қазақстан Республикасына 1998 жылғы 3-4 шілдедегі жұмыс бабындағы сапарының барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы

органдары, ведомстволары Жоспарда көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты іс-шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кемінде жарты жылда бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы қаулының орындалу барысы туралы хабарлап отырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1998 жылғы 30 қарашадағы
N 1204 қаулысымен бекітілген

Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цзэминнің
Қазақстан Республикасына 1998 жылғы 3-4 шілдедегі жұмыс бабындағы
сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды
жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар

ЖОСПАРЫ

Рет N	Іс-шара	Орындалу нысаны	Орындалу мерзімі	Орындалуына жауаптылар
1	2	3	4	5
1	1997 жылғы 24 қыркүйекте және 1998 жылғы 4 шілдеде қол қойылған Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы туралы қосымша келісімді Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің бекітуіне енгізу	Үкімет қаулысының	1998 жыл-дың	Сыртқы істер министрлігі
2	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы 2010 жылға дейін -гі кезеңге арналған Сауда-экономикалық ынтымақтастықтың ұзақ мерзімді бағдарламасының жобасын әзірлеу	Үкімет қаулысының	1998 жылғы	Энергетика, өнеркәсіп және сауда министрлігі (үйлестіру) Қаржы министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттік (келісім бойынша), Қорғаныс министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша), "ҚазТрансОйл" ұлттық мұнай тасымалдау жөніндегі ком.

				паниясы" жабық ак.
				ционерлік қоғамы
				(келісім бойынша),
				"Мемазықтүлік
				корпорациясы"
				жабық акционерлік
				қоғамы (келісім
				бойынша), облыстар
				дың, Астана және
				Алматы қалаларының
				әкімдері

2.1|Қытай тарапымен 2-тармақта |Бағдарлама |1998 жыл- |2-тармақта аталған

| аталған Ұзақ мерзімді бағ- | дың |ұйымдардың сарапшы
| дарламаны келісу жөнінде | желтоқсаны|ларын тарта отырып
| консультациялар өткізу, оны| |Сыртқы істер минист
| алдын ала келісу және оны | |рлігі
| мемлекет басшыларының қол | |
| қоюына дайындау | |

3 |Қытай Халық Республикасы |Президентке|тоқсанына |Сыртқы істер минист

| Сыртқы істер министрлігімен|ақпарат |1 рет |рлігі
Азиядағы өзара іс-қимыл мен	беру
сенім шаралары жөніндегі	
кеңесі процесін жандандыру,	
Қазақстанның Азия-Тынық	
мұхиты экономикалық ынты-	
мақтастығы мен "Оңтүстік	
Шығыс Азия мемлекеттері	
ассоциациясы" аймақтық фо-	
румына қосылуы мәселелері	
жөніндегі консультацияларды	
жалғастыру	

4 |Қытайдың құқық қорғау және |Президентке|жарты |Сыртқы істер минист

| кеден органдарымен екі ел |ақпарат |жылда |рлігі (үйлестіру),
| аумақтарындағы сепаратистік|беру |1 рет |Ұлттық қауіпсіздік
| ұйымдарға қарсы күрес жөнін| |комитеті (келісім
| -дегі өзара іс-қимыл | |бойынша), Ішкіістер

				министрлігі, Мемле.
				кеттік кіріс мини.
				стрлігінің Салық
				полициясы комитеті
				және Мемлекеттік
				кіріс министрлігі.
				Кеден комитеті
5	Қазақстан-қытай мемлекеттік	Қауіпсіздік	тоқсанына	Қорғаныс министрлі.
	шекарасын демаркациялау	кеңесіне	1 рет	лігі, Сыртқы істер
	жөніндегі жұмысты жалғасты-	тұрақты		министрлігі
	ру	түрде ақпа-		
		рат беру		
6	Қазақстан Республикасының	Қытай	1998 жылғы	Сыртқы істер
	Президенті Н.Ә.Назарбаевтың	тарапымен	қараша	министрлігі
	1998 жылдың аяғы - 1999 жыл	уағдаластық		
	-дың басында Қытай Халық			
	Республикасына жұмыс бабын-			
	дағы сапарын ұйымдастыру			
	туралы мәселені пысықтау			